

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
2. «Қазақстан Республикасының тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы(өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>
3. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] // Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>
4. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Жалпы бөлімі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-1 қабылданған. (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ӘДІЛЕТ. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
5. Орынбек Өтемұрат. Мемлекеттік тілде заң жазуға не кедергі (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер EGEMEN.KZ. URL://<http://www.egemen.kz> (15.04.2020)
6. Есімжан Нақтыбайұлы. Мемлекеттік органдар рейтингіне қазақ тілінде құжат дайындау сапасы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер INBUSINESS.KZ. URL: <http://inbusiness.kz> (15.04.2020)
7. Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий // (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электронды ресурс] / / Ақпараттық жүйелер ONLINE.ZAKON.KZ. URL: <http://online.zakon.kz/30355569>

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

*Тоқатов Р.А. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
з.ғ.м, аға оқытушы.*

*Азарбакытова И.Ж. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
заң факультеті 4 курс студенті*

Интернет – қазіргі заманда әртүрлі қызметтер мен ресурстардың жиынтығы болып, ең маңызды роль атқарады. Пойызға, ұшаққа, автобуска онлайн билет алып, жүру уақытын бақылауға, үйден шықпай ақ дүкенге, мейрамханаларға тапсырыс беруге тағы да басқа онлайн арқылы қызметтерді алу, бұл интернеттің әлемде әлде қайда дамып кеткенін және біздің өмірімізді түбегейлі өзгерткенін айқындайды.

Бүгінде Интернеттің маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Интернет біздің күнделікті өмірімізге еніп, әр адамның өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Интернет осындай қуатты және әмбебап мүмкіндікті қамтамасыз етеді, оны кез-келген ақпаратқа тәуелді мақсатта пайдалануға болады және оны құраушы желілердің біріне қосылған кез-келген адам қолдана алады. Ол адамдардың әлеуметтік желілері, электронды пошта «сөйлесу бөлмелері», жаңалықтар топтары және аудио-видео беру арқылы қарым-қатынасын қолдайды және адамдарға әртүрлі жерлерде бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Интернет өзінің көптеген сауда-саттықтары мен қызметтерін интернет арқылы жүзеге асыратын компаниялардың өсуіне негіз болды. Интернеттің бүкіл әлем бойынша жүздеген миллион қолданушыларды қамтитын ғаламдық компьютерлік желі екендігі баршаға белгілі.

Компьютерде отырып, тышқанды шерте отырып, сіз сауда жасай аласыз, көптеген қызықты фильмдер, кітаптар жүктей аласыз, сізді қызықтыратын тақырып бойынша жаңалықтар оқи аласыз, басқа ойыншылармен компьютерлік ойындар ойнай аласыз, сөйлесіп, достарыңызға хат жібере аласыз. Интернет пайда болғаннан бастап, көптеген басқа медиа көздер қажетсіз болып қалды. Қажетті ақпаратты 5 секунд ішінде таба аласыз. Бұл студенттерге, кәсіпқойларға, сарапшыларға және басқаларға өте ыңғайлы. Қазіргі уақытта ең танымал Интернет қызметі - электрондық пошта. Көптеген адамдар вебті тек электрондық пошта хабарламаларын жіберу және алу үшін пайдаланады. Олар мұны үйде, интернет клубтарда немесе жұмыста жасай алады. Интернеттің көмегімен әлемнің әр түкпірінен келген адамдар бір-бірімен үйден шықпай-ақ сөйлесіп, ақпарат алмаса алады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі пікірлес адамдармен кездесу және олармен достасу оңайырақ болды. Студенттерге халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндік беретін әртүрлі пәндер бойынша көптеген әртүрлі онлайн байқаулар бар. Интернеттің арқасында адамдар білімдерін, сонымен қатар идеялары тез сата алады, жарнамалайды және бөліседі [1].

Яғни, интернет - бұл бүкіл әлемдегі әр түрлі компьютерлік желілердің бір-бірімен қосылуына мүмкіндік беру арқылы коммуникация мен сауда әдістерінде төңкеріс жасаған жүйелік архитектура. Кейде «желілердің желісі» деп аталатын Интернет 1970 жылдары АҚШ-та пайда болды, бірақ 1990 жылдардың басына дейін көпшілікке көрінбеді [2].

Қазіргі әлемде Интернеттің дамуына байланысты онлайн қызмет көрсету саласы цифрландырылуда. Біздің елімізде де мүмкіндігінше, интернет арқылы онлайн қызметтерді үйден шықпай-ақ алу үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Онлайн қызметтердің артықшылықтарының бірі мысалы, қарт кісілер үшін коммуналдық пәтерге ақы төлеу, субсидия алу немесе зейнетақыны тағайындауға немесе қайта есептеуге өтініш беру сияқты қызметтерді онлайн ала алады.

Елімізде мемлекеттік қызметтердің 81 пайызын электронды түрге ауыстыру жоспарланып отыр [3].

Қағаз құжаттарымен мемлекеттік органға жүгіну, кезекте тұру, түрлі формалар мен құжаттарды қолмен толтыруда уақытты ысыраптау, бір агенттіктен екіншісіне ауысу деген классикалық рәсімдегі ыңғайсыздықты электронды түрде алу кезінде болдырмауға болады. Мемлекеттік қызметтерді онлайн-режимде алу ұзақ кезектер мен құжаттарды қолмен толтырудағы уақытты жоғалту мәселесін ұмытуға мүмкіндік береді. Көптеген қызметтер электронды түрге ауыстырылды, бұл оларды сапалы, қарапайым және жылдам алуға мүмкіндік береді.

Азаматтық құқық саласының аса маңызды шарттық қатынастар бөлігін құрайтын қызмет көрсету міндеттемелерінің ішіне кіретін онлайн қызмет көрсету саласы қазіргі індет орын алып отырған жағдайда қоғамның қызмет көрсету қатынастарының үздіксіз жүзеге асырылуына өзінің зор үлесін қосуда. Онлайн қызметтердің бірі, онлайн оқыту жайында айта кетсек, қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның айтуы бойынша 1,5 миллиардтан астам мектеп оқушысы немесе оқушылардың жалпы санының 87% - ы коронавирустың таралуына қарсы күрес аясында мектептерсіз қалды. Әлемдік тәжірибеде электрондық оқыту қазіргі заманғы білім берудің ажырамас бөлігіне айналды – енді ол қосымша білім беруден қажетті білімге айналды.

Дүниежүзілік тәжірибеге қарайтын болсақ, мысалы, Италия үкіметі мұғалімдерге бейнеконференциялар мен дайын сабақ жоспарларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сайт құрды. Иран үкіметі барлық балаларға арналған интернет-контенттің ақысыз қылды [4].

Сонымен қатар, Азия елдері арасында цифрландырудың сөзсіз көшбасшыларының бірі Оңтүстік Корея болып саналады. Жалпы мектептердегі электронды оқытудың таралу деңгейі бүгінде 80%-ға жетеді, виртуалды мектептер мен кибер университеттердің толық немесе ішінара жобалары бар. 2007 жылдан бастап елде "электрондық оқулық" бағдарламасы жұмыс істейді, оның шеңберінде виртуалды интерактивті кітабы әзірленді және қолданылады, ол – Virtual interactive Ubiquitous book 3D нақты объектілердің

кескіндерінің үйлесімін болжайтын және оларды мәтіндік немесе өзге де ақпаратпен толықтыратын оқулық. Осы оқулықтарды сынақтан өткізу бойынша эксперимент нәтижелері оқушылардың үлгерімі жалпы 30% - ға өскенін, бұл ретте үлгерімі ең төмен оқушылар айтарлықтай жақсарғанын көрсетті.

2015 жылдан бастап Оңтүстік Корея үкіметі қағаз оқулықтарынан толығымен бас тартты. Білім департаменті елдің болашақ мектептерін өзгертетін жаңа цифрлық революцияға дайындалып жатқанын жариялады. Қазір қағаз жүзінде өткізіліп жатқан тестілеуді де электронды форматқа көшіруді жоспарлауда. Сингапур өзіне әлемдегі алғашқы зияткерлік ұлтты құру мақсатын қойған. 2015 жылы қалада-елде "білім беру және оқыту" дербес кластері бар 10 жылдық "Зияткерлік ұлт" бағдарламасы және Future Schools бағдарламасы іске қосылды. 4D виртуалды зертханалары, интерактивті карталар және басқа да инновациялар белсенді түрде енгізілуде.

АҚШ-та 2012 жылы "The Digital Textbook Collaborative" ("цифрлық оқулық") мемлекеттік бастамасы іске асырыла бастады. Калифорния мен Юта сияқты кейбір штаттарда мектептер қағаз оқулықтарынан бас тартып, «электронды» түріне көшті. Бұл тәсіл көптеген оқулықтардың құнын бір дана үшін 4 долларға дейін едәуір төмендетіп жіберді, негізі бір қағаз оқулықтың бағасы 30 доллардан 100 долларға дейін болған еді. Сонымен қатар, баланың қашықтықтан оқытуға қол жеткізуі үшін интернет пен электронды құрылғыларға кең қол жетімділікті жүзеге асырды. Мысалы, Калифорния шенеуніктері 100 мың отбасына тегін Wi-Fi ұсынатын Google-мен серіктестік орнатты [5].

Қорытындылай келе, онлайн қызмет аясындағы біршама проблемаларды шешу мақсатында, ең алдымен халыққа онлайн арқылы қызмет көрсету үшін, ел аумағын дүниежүзілік ғаламтор желісімен толық қамту өте маңызды. Бүгінгі күні халықтың тек 86% - ы интернетке кең жолақты қолжетімділік қызметтерімен қамтамасыз етілген, ал осы стандартты пайдаланушылар саны 6,7 млн. адамды құрайды.

Әсіресе, ауылдық жерлерде интернет желісіне қолжетімділік төмен. Ауылда 7,5 миллионнан астам адам тұрады және оларға ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері қолжетімді болуы тиіс. Жағдайды жақсарту қажет, өйткені интернет жоқ болса, онлайн қызметтер туралы сөз болуы мүмкін емес.

Екіншіден, көптеген қазақстандықтар компьютерлік сауаттылықтың негіздерін меңгермеген. Қазақстандықтардың 43,7% - ы ғана "ақылды машинаны" пайдалана алады. Сондықтан халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру міндеті тұр.

Құқықтық мәселелерге тоқталсақ, Қазіргі таңда онлайн білім саласында қызмет көрсетуге мүмкіндік беріп отырған «Zoom» немесе өзгеде бағдарламалар тәрізді отандық бағдарламаларды құру аса қажетті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл бағдарламалар жүйесін ұйымдастыру және дамыту мәселелерін реттейтін бірыңғай техникалық жағдайлар жасау бойынша қашықтықтан оқыту, қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың бірыңғай нормаларын, қашықтық жағдайында білім алушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтауды регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. Бүгінгі таңда көптеген сұрақтар университеттің жергілікті нормативтік актілерімен шешіледі, жүйелі тұрғыда қарастырылатын бірізді нормаларды қалыптастыру арқылы бұл қатынастар механизімі реттейтін нақты құқықтық база қажет. Себебі алғашында ақпараттық бағдарламалармен телефон арқылы кіріп жұмыс істей бастағанда кейбір киберқауіпсіздік мәселелеріне жолыққан адамдар кездесті. Олардың телефондарындағы бағдарламалар арқылы банкттеріне кіріп қаражат жоғалған жағдайлар болған.

Отандық нарықта риэлторлық қызметтер аясында көп мәселелер туындайды. Бір жағдайда, сатуға қойылған пәтерді қарау кезінде риэлтор клиенттерді қарапайым заңды формальдылықпен түсіндіріп, қызмет көрсету шартына қол қоюға көндіреді. Заңды сауатсыздығына байланысты адамдар құжаттарға қарамай қол қойып, содан кейін риэлторларға ақша беру міндеттеріне тап болады. Мысалы кейбір риэлторлық фирмалар қызметін келесі кесте бойынша әрекет ететіндігі тәжірибеде көрініс тапқан: пәтерді көрсеткені үшін сыйақы ретінде ол клиенттен сатып алу-сату шарттары мен кепілсіз

қомақты көлемде қаражатталап етеді. Олармен бұлыңғыр мазмұндағы шартқа онлайн отыру арқылы өз міндеттеріннен көрі тапсырма беруші тараптың міндеттерін молайта қойып оларды жіпсіз байлайды. Бұл ретте клиент өз тарапынан шарттан бас тарта алмайды. Шарт бойынша, егер сатып алудан бас тартқан жағдайда, ол бұл соманы екі есе мөлшерде ешқандай қызмет көрсетілмесе де төлеуге міндеттенеді. Мұндай шарттар сатып алушының құқықтарына нұқсан келтіреді.

Тағы бір нұсқа: риэлтор өз клиентінің жылжымайтын мүлік иесімен кездесуіне кедергі келтіреді. Бұл жағдайда ол сатушы атынан әрекет ететіндігіне көндіріп, мәміле туралы ақпаратты жасырады және бұрмалайды. Ол клиенттің пәтер иесіне сыйақы сомасын айтпағанын өтінеді. Содан кейін ол әр тарапқа әр түрлі соманы атағаны белгілі болады. Мұндай тәжірибе өте кең таралған.

Өкінішке орай, Қазақстанда риэлторлық агенттіктердің қызметін реттейтін заңнама жоқ. Ал бұл істердің барлығы риэлторлық қызмет көрсету ережелерін заңнамалық деңгейде енгізу уақытының келгенін айтады. Заңда айыппұлдың екі еселенуі, риэлторлардың келісімшартқа қандай шарттарды енгізуге құқығы жоқтығы, келісімшарттан шығуға тыйым салуы және басқа да түрлі айла-амалдар туралы егжей-тегжейлі жазылуы керек. Сонымен қатар онлайн көрсетілетін риэлторлық немесе өзге де онлайн қызмет көрсету саласын нақты реттейтін заңдар қажет [6].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Интернет» тақырыбындағы эссе (тақырып) ағылшын тіліндегі реферат Интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктері <https://muegn.ru/kk/medicina/sochinenie-pros-and-cons-of-the-internet-na-angliiskom-s-perevodom.html>
2. История интернета <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
3. Онлайн қызметтер : Құжат алу қолжетімді болмақ. / А. Кәкімжанова // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2019. – 23 шілде. – Б. 7.
4. ‘When Can We Go to School?’ Nearly 300 Million Children Are Missing Class <https://www.nytimes.com/2020/03/04/world/coronavirus-schools-closed.html>
5. Public schools expected to remain closed for the rest of the academic year, Newsom says <https://www.latimes.com/california/story/2020-04-01/coronavirus-school-closures-california>
6. Советы қазақстанцам: как не стать жертвой риэлторов-мошенников <https://liter.kz/sovety-kazahstanczam-kak-ne-stat-zhertvoj-rieltorov-moshennikov/>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЖЫРАСУ ПРОЦЕСІН АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Тоқатов Р.А. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.,
Қанаят А.Н.- Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің 3-курс студенті*

Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы өзгереді. Бұл- шындық, себебі заманға сай адамдардың психологиясы, қоршаған адамдарға деген ойлары басқа қырынан өзгереді. “Адам өзгермейді дегеннің тілін кесем”- деген емес пе еді хәкім Абай? Демек, адамның қарым-қатынасқа да деген көзқарасы өзгермей қоймайды. Ал, біздің менталитетімізгеотбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйтқысын сақтау сынды нәрселер бойымызға әбден сіңіп кеткен. Ал, қазіргі таңда бұл құндылықтар жойылып бара жатқан секілді. Өйткені елімізде ажырасу мәселесі белен алып кетті. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба